

УДК 7.03

БАЛАЛАР ТЕАТРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ: МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ АСПЕКТ

Мавленбердиев Ерхан Қайратұлы
erhanmulen@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
6М020400 – «Мәдениеттану» мамандығының 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекші – ф.ғ.д, доцент Данысбекова Қ.Б.

Қоғамдағы жаңа әлеуметтік және экономикалық қатынастар, үйреншікті өміріміздің көптеген салаларындағы өзгерістерге әкелді. Қоғам мүшелерінің бұл өзгерістерге бейімделуі оңайға соққан жоқ. Бұл өзгерістер, жалпы мәдениет, білім беру және ағарту салаларын, сондай-ақ өнер түрлерін де қамтыды. Театр өнері де, қоғамдық өмірдегі болып жатқан өзгерістерге өзіндік ерекшелікпен үн қосуда.

Кәсіпқой театрлар соңғы жылдары, шығармашылық бостандық пен коммерциялық қызығушылықты таңдау еркіндігін пайдаланып, балалар мен жасөспірімдерге аз көңіл бөле бастады. Бұл процесс, көрермендер санының өсуіне әсер етіп, театр өнеріне деген қызығушылықты төмендетеді.

Балалар театрының қойылымдары сабақ немесе қызықты ойын ретінде, өзге әлемге немесе кезеңге саяхат құралы ретінде, заманымыздың ашылмаған құпияларының кілті ретінде, диалогтың көмегімен өнегелік және ғылыми ақиқаттарды ұғынуға мүмкіндік береді. Ертегілердің батыры мен кейіпкері атанып, көптеген сынақтардан өту арқылы балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқының дамуына әсерін тигізеді. Театр ерекше құбылыс, әлем, шығармашылық және қоғамдық танымның құралы ретінде, жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына бай мүмкіндіктер береді. Бұл балалар мен жасөспірімдер театрларының

мәдени-ағартушылық рөлінің өте маңызды екендігінің айғағы. Басқа сөзбен айтқанда, театр – бұл баланың жалпыадамзат мәдениетіне, өз халқының өнегелік құндылықтарына апаратын жолы.

Балалар театрының өнері арқылы жасөспірім өзінің шығармашылық қасиеттерін танумен қоса, шығармашылықты қабылдау мен бағалауды үйренеді. Соның арқасында ол көңілдің белсендігін, бақылауды, қиялдауды дамытады.

Балалар театрларының мүмкіндіктерін педагогикалық мақсатта толық пайдаланбау, кері әсерін тигізуі мүмкін. Соның салдарынан жасөспірімдер арасындағы шығармашылық потенциал елеулі төмендейді. Әр жасөспірім ересек өмірге аяқ басқанда, ойлау және мінез-құлықтық стереотиптерден арылудың, жана мәдени формалар мен өзіндегі рухани қажеттіліктердің, шығармашылық потенциалды дамытудың жолын белсенді іздейді. Вера Люсия Сильва: «Білім берудегі театрдың мақсаты, жасөспірімдердің өз қиялдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беру болып табылады», - деп айта отырып, өзінің тәжірбиесі негізінде, жасөспірімдер театрының қойылымдарындағы қиялдың, бақылаудың, кенеттен болатын іс-қимылдардың маңыздылығын атап өтеді [1, 12-13 б].

Көптеген адамдардың театрлардан алған алғашқы әсерлері қуыршақтар театрымен байланысты. Қуыршақтар театрында, балалардың алғашқы тәрбиесімен тығыз байланысты ертегілер әлемі бар. Ертегілер, қиялды дамытып, өзгеше ойлауға үйретеді. Сол себепті, балаларды ерте жастан қуыршақтар театрымен таныстырған маңызды. Бұндай театрдың өнері, балалар ойынын қайталайды. Сондықтан, жас көрерменнің өнерге деген талғамы мен қызығушылығын қалыптастыруда, қуыршақ театры өте қажет.

Бұл туралы, театртанушы Амангелді Мұқан былай дейді: «Осы тәрбиелеу жұмысын қай кезден, қайдан бастау керек – деген мәселеге келсек, балалық шақтан, қуыршақ театрының спектакльдерінен, мектептен, балалар театрының кіре берісінен тағысын-тағылар деп жалғастыра беруге болады. Әйтпесе уақыт өте келе жалпы мәдениеттілік деген ұғымның ауылы жас бүлдіршіндер санасынан алыстай берері анық. Қалай десек те, театр – балалар үшін мереке, демалыс орны. Баламен бірге театрға барып, оның алған алғашқы әсері мен қуанышын бөлісу ата-ана үшін зор бақыт деп білеміз. Біздің театрларда отбасы түгелімен жиналып, спектакль көрсететіндей мүмкіндіктер жасалып жатса, көрермен үшін қуаныштың үлкені сол болар еді» [2].

Жас көрермен театрлары қуыршақ театрларынан эстафетаны алып, жасөспірімдердің тәрбиесімен айналысады. Олар ойыншықтардан шынайы өмірге өткізетін өтпелі кезең секілді. Жас көрермен театрлары, ертегі, классикалық немесе заманауи пьеса арқылы, көрермендермен тілдесіп, оларды – ересек драма театрына аяқ басуға дайындайды.

Балалар мен жасөспірімдер театрында көрермендерді жас ерекшеліктері бойынша бөледі. Бала, жасөспірім, жеткіншек категорияларының ерекшеліктеріне сай әр театр арнайы репертуар әзірлейді. Балаларға арналған репертуардың негізін ертегілер құрайды. Ертегілер баланың қиялын босатып, ерекше күйге бөлейді. Ертегі арқылы жақсылық пен жамандық, халықтың өнегесі мен дәстүрі танылады. 1930 жылдардың соңында, ертегі жанры қайтадан театрларда қойыла бастаған кезде, атақты актер Александр Брянцев былай деген болатын: «Халық ертегісі болсын, әдебиеттегі ертегі болсын, шынайы балалар классикасы болып табылады. Ол шынайы, үлкен өнер бейнелері арқылы ең кішкентай көрермендермен олар түсінетін тілде сөйлесуге мүмкіндік береді» [3, 32 б].

Ертегі әлемі қаншалықты қызықты болса да, 5 – 8 сыныптарда оқитын балалар сахнада өздері шамалас кейіпкерді көргісі келеді. Олар өздерінің басынан кешіп жатқан тұрмыстық жағдайларды, өздерін мазалап жүрген ойларды танығысы келеді. Осы мезетте театр жас жеткіншектің іздегенін табуға көмектесетін құрал бола алады. Осы әлемде өз орнын табуға көмектесетін жағдайларды көптеп сахналау керек.

Балалар мен жасөспірімдер театры бүлдіршіндер сүйіп көретін фольклоры – ертегілер әлемі мен жасөспірімдер мен жеткіншіктерге арналған интеллектуальды, этикалық және эстетикалық салаларды тепе-теңдікте ұстайды. Театр – бұл эстетикалық қажеттіліктер,

рухани, өнегелік, этикалық құндылықтар мен идеалдарды қалыптастыратын қарым-қатынас, тұлғалық деңгейдегі сұхбат құралы болып табылады.

Бұл жөнінде, Наталья Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Мемлекеттік академиялық орыс театрының директоры Надежда Горобец: «Балалар, жас көрермендер әлемді мейірімділік пен сүйіспеншілікпен басқаратынын, ар-ұжданымен өмір сүру керек екенін, әрқайсысы өз іс-әрекеттеріне жауапты болуы керек екенін, әлсіздерге көмектесу керек екенін білуі керек. Және, мысалы, Евгений Шварцтың «Шатырда өмір сүретін Карлсон», Уильямс Гибсонның «Киім қуыршағы», Александр Гриннің «Скарлет парусы» сияқты қойылымдар, біз балаларға ғана емес, сонымен бірге ересектерге де арнап қоямыз. Өйткені, жастар театры белгілі бір дәрежеде отбасылық театр болып есептеледі» [4,], – дейді.

2018 жылы елімізде 68 театр тіркелсе, соның 16 – сы қуыршақтар театры, 5 – і балалар мен жасөспірімдер театры болып табылады. Бұл театрлардың көбі мегаполистер мен облыс орталықтарында шоғырланған, еліміздің кейбір аудандарында балалар театры деген атымен жоқ. Республикамыздағы ең ірі балалар мен жасөспірімдер театрларын атап өтсек:

1. Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік Академиялық балалар мен жасөспірімдер театры. Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театры 1946 жылдың 4 шілдесі күні А. Толстойдың «Алтын кілт» пьесасы бойынша қазақ тілінде тұңғыш рет спектакль қойып, ресми түрде тұсауын кесті. Спектакльді Кеңес Одағы бойынша балалар театрының негізін қалаған режиссер Н.И.Сац қойды. Ол Қазақстандағы жас жеткіншектерге арналған театрдың ашылуы мен қазақ труппасының өз алдына шымылдық көтеру жұмыстарына тікелей бел шеше араласты. 1992 жылы Ғабит Мүсіреповтің 90 жылдығының құрметіне театрға ұлы жазушының есімі берілді. Ал, 1996 жылы театрдың 50 жылдық мерейтойына орай, «Академиялық» дәрежесі берілді.

Бүгінде, театр ұлттық сахна өнерінің ұлы көшбасшылары салған жолдағы ұлағатты да дәстүрлі үрдіс құндылықтарын сақтай отырып, шығармашылық жаңа белестерге жету жолындағы ізденіс қарымын одан әрі жан-жақты шыңдап келеді.

2. Наталья Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Мемлекеттік академиялық орыс театры. Алматы қаласындағы Н. Сац атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған Мемлекеттік академиялық орыс театрының негізін қалаушысы – дүние жүзіндегі алғашқы балалар театрын 1918 жылы және одан басқа әлемде балаларға арналған 60 шақты театрдың құрастырушысы Наталья Ильинична Сац. Соғыс жылдары, Мәскеу мен Ленинградтан әртістерді Алма-Атаға көшірген кезде, Н. И. Сац қалада балалар мен жасөспірімдерге арналған театрдың құрылуы қажет екендігі туралы жазды. 1944 жылдың 6 қыркүйегі күні «Алма-Ата қаласында жасөспірімдер театрының құрылуы туралы» КПОК (б) мен Кеңес халық комитетінің Қаулысы шықты. Ал 1945 жылдың 7 қарашасында алматылық кішкентай балалар алғаш рет театрдың табалдырығын аттады.

Жасөспірімдер театрының негізін қалаушылар – еліміздің өнер тарихында елеулі еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері – Сергей Эйзенштейн, Николай Черкасов, Вера Марецкая, Владимир Луговской және тағы басқалар.

Жасөспірімдер театрының дамуындағы әр кезең жаңа формалар мен айқындық құралдарын іздеумен аталып өтті. Наталья Сацтың дәстүрлерін дамытуда, келесі режиссерлер И. С. Барон, А. Л. Мадиевский, В. Жезмер, Е. Прасолов және тағы басқалар театрды жаңа ашылулармен байытты.

3. Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры – республика тарихындағы тұңғыш қуыршақ театры. 1935 жылы ашылған театр ордасы таяқ қуыршақтан бастап, бүгінгі заман ағымына сай күрделі марионеткалар, соңғы үлгідегі техникалық-лазерлі көркемдеулермен жабдықталған. «Алдар көсе» және «Өтеген батыр» қойылымын дайындаған қазақ драма театрының артистері Қ.Бадыров, С.Телғараев театрдың тұңғыш режиссерлары атанды. Сондай-ақ, «Қуыршақ театрының режиссері» курстарын бітірген А.Федорченко, А.Анчаров және арнайы шақыртылған қуыршақ жүргізу шеберлері Д.Липман мен О.Тарасовалар да режиссерлік етті. Л.Хамиди мен Б.Ерзакович сынды көрнекті

композиторлар алғашқы қойылымдарды музыкалық жағынан көркемдеді. Театрдың қалыптасуы мен өркендеуі жолында талантты өнертанушылар мен режиссерлер тынбай еңбек етіп, театрдың дамуына өз үлестерін қосты.

84 жылдық терең тарихы бар театр әр елдің шығармаларын ұлттық тілде сахналаумен бірге талантты артистердің, қуыршақ шеберлерінің, режиссерлардың, суретшілердің бірнеше ұрпағын тәрбиелеп шығарды. Елімізде және шет елде өткен халықаралық, республикалық театр фестивалдерінде биік белестерді бағындырған ұжымның алға қойған бағыты мен бағдары да айқын. Ол – қазақтың қуыршақ театры өнерін өркендету, кешегі мен бүгінгі өмір арасын өнердің биік шыңы арқылы шынайы көрсете білу. Бүгінде ұлттың рухани қажеттілігін өтеп отырған театрдың репертуарлық саясатының ауқымы да кең. Репертуардағы отыздан астам қойылымдар орыс және қазақ тілдерінде көрермен назарына ұсынылып отыр.

Балалар мен жасөспірімдер театрының қазіргі жағдайы алаңдаушылық тудырады. Бұл театрлар балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру институты ретінде бұқаралық мәдениетпен бәсекелесе алмай отыр. Телевидение, ғаламтор, виртуальды ақиқат сынды құбылыстардың мазмұны мен сапасын ата-аналар да, ұстаздар да толық бақылай алмауда.

Елімізде шығармашылық көзқарастардың қалыптасуы, жасөспірімнің толыққанды дамуының маңызды шарты болып табылады. Шығармашылыққа деген тұрақты және саналы қызығушылығы бар, шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын адам, әлеуметтік жағдайға тез бейімделеді, онымен қоса өзін-өзі дамытады және өзін-өзі тәрбиелейді.

Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасында айтылғандай: «Жастар мәдениетін, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын және көркемдік-эстетикалық білім беруді қолдау жүйесін дамытуға тиісінше көңіл бөлінбейді. Осы жағдай қоғамның, әсіресе жастардың шетелдік мәдени құндылықтар мен идеалдарына жаппай бағдарлануына себеп болды, бұл құндылықтар мен мәдени иммунитеттің орнықты шәкілін қалыптастыруға теріс әсер етеді» [5].

Осыған байланысты, Қазақстанда балалар және жасөспірімдер театрларын жеке әлеуметтік институт ретінде қалыптастырудың уақыты келген сияқты деп айтуға болады. Балалық шақтың маңыздылығы одан әрі айқындап, балаларға қоғамның ерекше бөлігі ретінде қарау керек. Театрдың тәрбие берудегі маңыздылығы жөнінде мәселе көтерілмеуі керек, ол айдан анық нәрсе. Театр – шығармашылық және қоғамдық таным мен өзгерістердің құбылысы, әлемі ретінде жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Балалар мен жасөспірімдер, театрдың көмегімен жалпыадамзаттық мәдениет, өз халқының мәдениетімен жақын танысуға мүмкіндік алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Silva, Vera Lucia Potthoff da. Jogos teatrais., Porto Alegre, v. 23, n, 90, p. 12-13, abr./jun. 2007.
2. Мұқан Амангелді. Театр туралы толғамдар. Зерттеулер және мақалалар. Алматы. 2015 жыл, 358 б.
3. Коханая О.Е. Театры юного зрителя как фактор формирования нового типа личности. Вестник МГУКИ. 2014. 260 б.
4. Театр қызметін жетілдіруге арналған жиын. 3 ақпан, 2018 жыл. aikyn.kz.
5. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 998 қаулысы.